

УДК 332.1

**А. М. Казамбаева**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, ғылыми жетекші,  
**А. С. Хасан**, 6M050600-Экономика мамандығы магистранты  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР

## **ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРЫНЫ**

### **Аннотация**

Аймақ – халықтың өмір сүру деңгейі, мәдениеті, тарихы, сыртқы ортамен қарым-қатынасы, құрылымы жағынан біртұтас жүйе. Ол: ауқымды көлемімен, жергілікті мақсаттары мен әр түрлі ішкі жүйелерімен; иерархиялық құрылымы және басқа да әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен сипатталады. Мақалада елдің дамыған аймақтарының бірі ретінде Атырау облысының экономикалық даму көрсеткіштері талданған.

*Түйін сөздер: аймақ, аймақтық экономика, өңір, фактор, даму, әлеуметтік-экономика.*

Нарықтық қатынастар жағдайында аймақтық факторлардың рөлі арта түседі, себебі республика, аймақ, облыс, сондай-ақ басқа да ұлттық-әкімшілік құрылымдарда жүргізілетін реформалардың барлығының бір-бірінен табиғи-экономикалық және басқа параметрлер бойынша айырмашылығы көп. Осыған байланысты реформаларды жүргізу процесінде әр аймақтың ерекшеліктерін ескеру керек. Бұл жағдайдан аймақтық мәселелерді ғылыми зерттеу мен аймақтық экономиканы ғылыми білімнің дербес саласы ретінде қарау қажеттілігі туындайды.

КСРО кезінде аймақтық экономикалық зерттеулер ХХ ғасырдың 20 жылдарының аяғында мемлекеттің күшті қолдауымен дамып, ол жоспарлы басқару мақсаты мен тапсырмаларына негізделді. Бұл жалпы халық шаруашылығы көлемінде өндіргіш күштерді ғылыми негіздеп орналастыру үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды.

Нарықтық қатынастарға көшпестен бұрын КСРО кезінде аймақтық экономиканың теориялық және әдістемелік зерттеулері негізгі мынадай мәселелерді тұжырымдады:

- Өндіргіш күштерді орналастырудың заңдылықтары, қағидалары мен факторларын анықтау;
- Экономикалық аудандастыру теориясын қалыптастыру;
- Территориялық және аймақтық дамуды жоспарлау мен реттеудің әдістемесін қалыптастыру.

«Аймақтық экономика» термині өткен ғасырда пайда болды. ХХ ғасырдың 70 жылдарында В.Ф.Павленко бұл пәнге былай анықтама берген: «Бұл заңдылықтары мен факторлары және даму мәселелері бір жекелеген аудандардың нақты экономикасы». Бұл жерде автор аймақтық экономика жалпы экономикалық мәселелермен бірге материалдық өндірістің дамуы, демография, әлеуметтану мен аймақ экологиясын да қарастыру қажет деп тұжырымдайды.

Қазіргі уақытта аймақтық экономика туралы екі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі аймақтық экономиканы аймақтардың жалпы заңдылығы мен факторлары, даму мәселелерін қарастыратын нақты экономикалық ғылымдардың бірі деп таниды. Бұл жағдайда аймақтық экономика пәніне жекелеген аудан территорияларындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді кешенді түрде тұтас зерттеу тән. Екінші көзқарас жақтастары аймақтық экономика пәнінің негізі өндіргіш күштерді рационалды орналастыру деп есептейді. Ал бұл жағдайда аймақтық экономиканың пәні толықтай географиялық экономикамен тұтасып кетеді [1].

Әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде аймақ бес негізгі жүйе жиынтығын көрсете алады:

- жүйе құраушы база;
- жүйе қызмет етуші кешен;

- экология;
- тұрғын халық;
- нарық инфрақұрылымы.

Көрсетілген жүйелердің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін, бірыңғай әлеуметтік-экономикалық жүйеге бағыттайтын негізгі фактор адамдардың әрекеті болып табылады.

Демек, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, аймақтың келесі анықтамасын негіз ретінде алуға болады.

Аймақ – республика субъектісінің әкімшілік шекарасындағы аумақ: кешенділікпен, толықтылығымен, арнайыланумен және басқарылуымен, яғни басқарудың саяси-әлеуметтік органдардың бар болуымен сипатталады.

Сондай аймақтардың бірі Атырау облысы, Атырау облысы Қазақстан Республикасының батысында орналасқан, 1938 жылы құрылған.


Атырау облысы негізінен Каспий маңы кең ойпатының шегінде орналасқан. Облыс аумағы 118,6 мың шаршы шақырымға тең (Қазақстан аумағының жалпы алаңының 4,35 %-ы). Облыс шекарасының ұзындығы: жалпы 1 949,46 шақырым, оның ішінде Астрахан облысымен – 449,61 шақырым, Батыс Қазақстан облысымен – 626,05 шақырым, Ақтөбе облысымен – 524,39 шақырым, Маңғыстау облысымен – 349,38 шақырым.

2014 жылдың 1 қаңтарына Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі: 2 қала (1 облыстық, 1 аудандық маңызы бар) 2 кент, 7 аудан (Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет) құрамындағы 173 ауылды елді мекен бар.

1-суретте көріп отырғанымыздай Атырау облысының жалпы өнімі жылма-жыл өсіп келеді және ол 2013 жылы жалпы республика бойынша жалпы өнімнің 10% құрап отыр [2].

Республикамызда соңғы жылдары аймақтық экономикаға, аймақтарды дамытуға, дәлірек айтсақ, республикамыздағы әрбір аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту сияқты мәселелерді шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Атырау облысы экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, мұнайгаз секторы бір уақытта болашақта өңірдің әлеуметтік –экономикалық дамуы үшін қауіптің негізгі көзі болып табылады. Қазіргі таңда өңірдің әлеуметтік–экономикалық дамуында келесідей тәуекелдер бар.



1 сурет – Жалпы өңірлік өнімдер көлемі, млн. теңге

Өңір экономикасында мұнайгаз секторының үстем болуы. Мұнайгаз секторының үстем болуы әділ, себебі өңір қайнауында көмірсутек шикізаты бірегей қорының болуына негізделен. Өңір экономикасында мұнайгаз секторының үстем болуы қарастырылған уақыт аралығында сақталады. Бірақ, мұнайгаз секторының үстем болуы Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының осы сектордағы істің жағдайына тәуелділігін анықтайды. Өңір экономикасының әртараптандыру мүмкіндіктері өнімдер мен қызмет көрсетудің көптеген түрлері өндірісінің жоғары шығындарының нақты факторымен шектелген.

Атырау өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жүйесін талдау олардың әртүрлілігі мен қарама-қайшылығын көрсетеді. Статистикалық көрсеткіштер елдегі халықтың жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің ең жоғарғы деңгейінде, Қазақстандағы орташа номиналдық жалақының неғұрлым үлкен деңгейінде, өндіріс дамуының жоғарғы деңгейінде, ең үздік инвестициялық көрсеткіштерде ауыл шаруашылығының әлсіз дамуы, аурушандықтың жоғары деңгейі мен 1 жасқа дейінгі бала өлімінің өсуіне соқтыратын қолайсыз экологиялық жағдай, мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің әкімшілік орталықтарда ғана емес, ауылдық елді мекендерде де жетіспеушілігі, сондай-ақ кәсіби-техникалық және жоғары білім беру жүйесінде кемшіліктер байқалып отырғанын көрсетеді.

Мұнайгаз секторының әртараптандыру төмен деңгейі. Мұнайгаз секторының әртараптандыру деңгейі біршама төмен, себебі мұнайгаз компаниялары өндірістік қызметін ең бастысы өндіру саласында жүзеге асырады, терең өндеуде едәуір аз. Мұнайхимияны дамыту мұнайгаз секторының әртараптандыруын тереңдетудің ең көп тиімді бағыты болып табылады. Мұнайгаз секторының әртараптандыруы нарықтық жағдаяттың ауытқуына бейімделуді және жоғары қосымша құнды өнімдер шығаруды қамтамасыз етеді

Қуат көзіне әлемдік бағалар. Көмірсутектің әлемдік нарығындағы бағалық жағдайы мен жалпы өңірдің экономикалық жағдайының арасында тікелей тәуелділік бар. Қуат көзіне әлемдік бағаның ауытқуына өңірдің мұнайгаз секторы ғана емес, басқа да салалар, әсіресе бюджеттік салалар сезімталдық көрсетеді. Мұнайгаз секторында мұнай мен газға бағаның өсуінен инвестиция және жұмыспен қамту ұлғаяды, еңбек ақы өседі, бюджеттік секторда білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту мүмкіндік пайда болады, ал мұнайгаз секторында бағаның түсуінен инвестиция,

жұмыспен қамтылғандар саны мен нақты еңбек ақы төмендейді, бюджеттік сектор бюджеттік үнемдеу тәртіптемесіне көшеді. Осыған орай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы көбінесе көмірсутектің әлемдік нарығының жағдаятымен анықталады.

Аймақтың экологиялық нашарлауының жоғары деңгейі. Табиғи ресурстардың қайта қалпына келтіру қабілетінің төмендігі және жағдайының нашарлауы өндірістік игеру аймағында тұрып, өмір сүріп жатқан халық үшін сынақ болып отыр. Ертеден мекендеген аймақта күнделікті өмір сүріп, дәстүрлі кәсіппен айналысып жатқан елдің қоныстанған аймағын кең көлемде өндіріске игеру олардың өмір сүру жағдайын күрт өзгертуге алып келеді.

Аймақ ішіндегі аумақтық дамудың күрт сәйкессіздігі. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы неғұрлым үлкен айырмашылық аймақтың мұнайгазды және селолық аудандарының арасында байқалады. Ауылдық жерлердің ауылшаруашылығы төменгі экономикалық тиімділігімен сипатталады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында күрт сәйкессіздіктің болуы аймақтың жалпы дамуын тежейтіндей әсер етеді, өйткені, бюджет қаражатын ағымдағы шығынды ұлғайту жағына қарай қайта бөлуге алып келеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Смағұлова Г. С. Аймақтық экономиканы басқару мәселелері: оқу құралы // Алматы: “Экономика” баспасы, 2005. – 90 б.

2 2015 жылдарға арналған Атырау облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы // Атырау облысының статистикалық жылнамалығы. – Атырау, 2014 ж.

### **РЕЗЮМЕ**

Регион – целостная система со своей структурой, функциями, связями с внешней средой, историей, культурой, условиями жизни населения. Его характеризуют: высокая размерность; большое количество взаимосвязанных подсистем различных типов с локальными целями; многоконтурность управления; иерархичность структуры и другие социально-экономические показатели. В статье проанализированы показатели экономического развития Атырауской области как одного из развитых регионов страны.

### **RESUME**

Region – a complete system with its structure, functions, relationships with the environment, history, culture and living conditions of the population. It is characterized by: high razmer nost; a large number of interconnected subsystems with different types of local purposes; multi-loop control; hierarchical structure and other socio-economic indicators. In the article analyzed as one of the developed countries regions indicators of economic development of Atyrau region.